

**1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеу қаласында болған Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Мемлекеттері Басшылары мен Үкіметтері басшыларының кездесуінде қол қойылған келісімдер мен басқа да шешімдерді жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 91.

Экономикалық тұтастыруды одан әрі тереңдетудің, толыққанды жұмыс істейтін Кеден кұрудың объективтік қажеттілігін мойындай келіп, Қазақстан мен Ресей экономикаларының өзара толықтырымдылығы мен өзара тәуелділігінің жоғары деңгейін назарда ұстай отырып және 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеу қаласында болған Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Мемлекеттері Басшылары мен Үкіметтері Басшыларының кездесуіне қол қойылған Қазақстан - Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдете түсу туралы Декларацияны, келісімдер мен басқа да шешімдерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі және Әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарын қатыстыра отырып қол қойылған Қазақстан - Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдете түсу туралы Декларацияны, Ресей Федерациясының аумағында тұрақты мекендейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты мекендейтін Ресей Федерациясы азаматтарының Құқықтық мәртебесі туралы Шартты, Кеден одағы туралы Келісімді, сондай-ақ 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеу қаласында мемлекетаралық және үкіметаралық деңгейде қол қойылған басқа да келісімдерді (хаттамаларды) жүзеге асыруға кірісетін болсын.

Бірыңғай Кеден қалыптастырудың мақсаты мен принциптері, оны кұрудың тетігі мен кезеңдері, қызмет етуінің тәртібі, сондай-ақ кедендік баж салықтарын, салықтар мен алымдарды бөлу, уақытша шектеулер мен кедендік бақылау енгізу шарттары 1995 жылғы 6 қаңтарда Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы Келісімде белгіленген.

2. Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы алып қою мен шектеулерсіз еркін сауда режимін енгізу туралы Хаттаманы үстіміздегі жылдың 20 қаңтарынан бастап күшіне енгізу үшін тиісті нормативтік құжаттарды қабылдасын.

3. Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып бекітуге жататын құжаттар жөнінде ұсыныстар әзірлеп, белгіленген тәртіппен енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері республиканың басқа министрліктерінің және ведомстволарының қатысуымен 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Президенттері қол қойған Қазақстан - Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдете түсу туралы Декларациядан туындайтын тапсырмаларды жүзеге асыру мәселелерін Ресей Федерациясының тиісті құрылымдарымен пысықтасын және тиісті келісімдер мен құжаттарды үстіміздегі жылғы 1 сәуірге дейін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

5. Сыртқы істер министрлігі, Әділет және Экономика министрліктері Қазақстан Республикасының басқа министрліктерінің және ведомстволарының қатысуымен үстіміздегі жылдың 1 наурызына дейін 1992 жылғы 25 мамырдағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарттың негізгі ережелерін нақтыландыратын келісімдер мен құжаттар пакетін әзірлеп, енгізетін болсын.

6. Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының басқа да министрліктерінің және ведомстволарының қатысуымен үстіміздегі жылдың 1 наурызына дейін екі ел арасындағы қатынастардың шарттық-құқықтық базасын жаңа шынайылыққа сәйкес келтіру, ұлттық заңдарды жақындастыру, сыртқы экономикалық қызметтің үйлестірілуіне қол жеткізу, салық және баға саясатын келісу жөніндегі нақты ұсыныстар әзірлеп, енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі мен Әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері басқа министрліктердің және ведомстволардың қатысуымен азаматтық алудың, сондай-ақ екі жақ азаматтарының құқықтық мәртебесін алудың оңайлатылған тәртібіне байланысты құқықтарды жүзеге асырудың тетігін әзірлесін және оларды үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында күшіне енгізісін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі және Әлеуметтік қорғау министрлігі, тиісті облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының басқа министрліктерінің және ведомстволарының қатысуымен үстіміздегі жылдың 20 ақпанына дейін Ресей Жағына берілетін әскери полигондарды жалдау жөніндегі бірлескен комиссияның қазақстандық бөлігін құратын болсын.

9. Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі мен Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, сондай-ақ жергілікті әкімдермен бірлесіп, Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде контракт бойынша әскери қызметі және олардың мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Келісімді жүзеге асыруға кіріссін, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі талап етілетін мәселелер бойынша ұсыныс енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қаржы министрлігімен бірлесіп ресей рублі мен Қазақстан теңгесі бағамының өзара айналымдылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Ресей Федерациясының Үкіметі, Ресей банкі арасындағы Келісімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндігі каперге алынсын.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық банкпен бірлесіп, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволарды тарта отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қаржылық кінәмшілікті өзара реттеу туралы Хаттаманы жүзеге асыру жөнінде ұсыныс әзірлесін және оны белгіленген тәртіппен бекітуге енгізісін.

12. Осы қаулының орындалуы үшін тікелей жауапкершілік министрлерге, ведомстволардың бірінші басшыларына, сондай-ақ облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жүктелсін.

13. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, ҚазТАГ, "Қазақстанның теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, жергілікті әкімдер, басқа да министрліктер мен ведомстволар қабылданған құжаттар бойынша халық арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын.

14. Осы қаулының жүзеге асырылуы үшін жалпы бақылау жасау және оны қорыту Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының ТМД істері жөніндегі бөліміне жүктелсін. Тапсырмаға енгізілген құжаттарды тиісті министрліктер мен ведомстволардың уақтылы әзірлеуі мен табыс етуін бақылау қосымшаға сәйкес мына бөлімдерге: 2,3-тармақтары - Әлеуметтік сала бөліміне 4,5,6,7,15-тармақтары - Қорғаныс және жұмылдыруға даярлық бөліміне, 9,10,11,13,14-тармақтары - Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөліміне, 8-тармағы - Құқық қорғау органдары бөліміне,

12-тармағы - Сыртқы экономикалық байланыстар бөліміне, 16-тармағы - Мемлекеттік басқару органдары бөліміне жүктелсін.

15. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 31 қазандағы N 442 өкімімен құрылған мемлекеттік комиссияға (Есенғарин Н.Қ.) белгіленген тапсырмалардың және қол қойылған құжаттардың жүзеге асырылуына бақылау жасау, мақсатында апта сайын, әрбір сәрсенбіде тиісті жұмыс топтарының мәжілістерін өткізіп отыру міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 25 қаңтардағы  
N 91 қаулысына  
қосымша

Президент және үкіметаралық деңгейінде қол  
қойылған

(1995 жылғы 20 қаңтар) Ресей-Қазақстан  
құжаттарының  
келісімдері мен шешімдерін жүзеге асыру  
жөніндегі  
ТАПСЫРМАЛАР

-----  
N || Тапсырманың мазмұны|Орындалу|Жауапты орындау.

| Құжаттың атауы | |мерзімі |шылар (Қазақстан

||| |Республикасының

||| |министрліктері,

||| |мемкомитеттері,

||| |ведомстволары)

-----  
1 | \_\_\_\_\_ 2 | \_\_\_\_\_ 3 | \_\_\_\_\_ 4 | \_\_\_\_\_ 5 | \_\_\_\_\_

Россия Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин мен  
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев  
қол қойған құжаттар

1 Қазақстан-Ресей Басшылыққа алу және Уағда. Сыртқыісмині,

ынтымақтастығын Декларацияның ласқан Экономмині,  
кеңейту мен тереңдете қағидаларын жүзеге мерзімге Қаржымині,  
түсу туралы асыру жөнінде сәйкес Әділетмині,  
Декларациясы ұсыныстар әзірлеу Ұлттық Банк,  
Ғылыммині,  
Мұнайгазмині,  
Қорғанысмині,  
Көліккоммуника .  
циямині

2 Ресей Федерациясының Орындауға, 1995 Сыртқыісмині,  
аумағында тұрақты Материалдарды жылдың Әділетмині,  
мекендейтін Қазақстан бекітуге 1-тоқсаны Еңбекмині,  
Республикасының әзірлеу Әлеуметмині,  
азаматтары мен Қаржымині,  
Қазақстан Республикасының Қорғанысмині,  
аумағында тұрақты Біліммині,  
мекендейтін Ресей Меммүліккомы,  
Федерациясы азаматтарының Ішкіісмині,  
құқықтық мәртебесі басқа  
туралы Қазақстан министрліктер  
Республикасы мен Ресей мен  
Федерациясы арасындағы Шарт ведомстволар

3 Ресей Федерациясына Орындауға, 1995 Сыртқыісмині,  
тұрақты мекендеуге келген Материалдарды жылдың Әділетмині,  
Қазақстан Республикасы бекітуге 1-тоқсаны Ішкіісмині,  
азаматтарының және әзірлеу облыстардың,  
Қазақстан Республикасына Алматы және  
тұрақты мекендеуге келген Ленинск  
Ресей Федерациясы қалаларының  
азаматтарының азаматтық әкімдері  
алуының оңайлатылған  
тәртібі туралы Қазақстан  
Республикасы мен Ресей  
Федерациясы арасындағы  
Келісім

Үкіметаралық деңгейде қол қойылған құжаттар

4 Ресей Федерациясы Орындауға, 1995 Қорғанысмині,  
азаматтарының Қазақстан Материалдарды жылдың Сыртқыісмині,  
Республикасының Қарулы бекітуге қаңтар Әділетмині  
Күштерінде контракт әзірлеу ақпаны  
бойынша әскери қызмет  
атқаруы және олардың  
мәртебесі туралы  
Қазақстан Республикасы  
мен Ресей Федерациясы  
арасындағы Келісім

5 Ресей Федерациясының Орындауға, 1995 Әділетмині,  
Қазақстан Республикасының Материалдарды жылдың Қорғанысмині,  
аумағында уақытша бекітуге 1-тоқсаны Сыртқыісмині,  
орналасқан әскери әзірлеу Ішкіісмині,  
кұрамаларының мәртебесі Денсаулықмині,  
туралы Қазақстан Республикасы Қаржымині,  
мен Ресей Федерациясы Ұлттық Банк,  
арасындағы Келісім Прокуратура  
(келісу бойынша)

6 Ембі полигонын жалға Ұлттық валюталар Дайын Қорғанысмині,  
пайдаланудың шарттары айналысы туралы болуына Экономмині,  
туралы Қазақстан Келісімнің жобасын қарай Қаржымині,  
Республикасы мен Ресей әзірлеу Денсаулықмині,  
Федерациясы арасындағы Меммүліккомы,  
Келісім Ұлттық Банк,  
Мемжеркомы,  
Экобиоресурсмині,  
облыстардың  
әкімдері

7 Сарышаған сынақ Полигонды және 1995 Қорғанысмині,  
полигонын жалға Приозерск қаласын жылдың Қаржымині,  
пайдалану мен жалға берудің 1 наурызы Денсаулықмині,  
Приозерск қаласының нақтылы талаптары Меммүліккомы,  
тіршілік-қызметін туралы шарттың Экономині,  
қамтамасыз етудің жобасын әзірлеу, Ғылыммині,  
шарттары туралы Материалдарды Ұлттық Банк,  
Қазақстан Республикасы бекітуге әзірлеу Мемжеркомы,

мен Ресей Федерациясы басқа да  
арасындағы Келісім мүдделі ұйымдар  
мен облыс  
әкімшіліктері

8 Ресей Федерациясы Жалға берудің 1995 Қорғанысмині,  
Қорғаныс министрлігінің нақтылы талаптары жылдың Қаржымині,  
929 Мемлекеттік туралы шарттың 1 наурызы Меммүліккомы,  
ұшу-сынақ орталығын жобасын әзірлеу. Дайын Мемжеркомы,  
(Қазақстан Республика Ресей Федерация. болуына Денсаулықмині  
сының аумағында орналас. сының әскери қарай  
қан объектілер мен ұрыс құрамаларының  
алаңдарын) пайдалану мәртебесі мен құқық  
тәртібі туралы қорғау органдарының  
Қазақстан Республикасы қарауға алуы туралы  
мен Ресей Федерациясы Келісім  
арасындағы Келісім

9 Ресей Федерациясы Полигонды жалдау 1995 ж. Қорғанысмині,  
Қорғаныс министрлігінің шартының жобасын 1 наурыз Меммүліккомы,  
4 мемлекеттік орталық әзірлеу Мемжеркомы,  
полигонын (Қазақстан Материалдарды Қаржымині  
Республикасының аумағына бекітуге  
орналасқан объектілер әзірлеу  
мен ұрыс алаңдары)  
пайдалану тәртібі туралы  
Қазақстан Республикасы  
мен Ресей Федерациясы  
арасындағы Келісім

10. Кеден одағы туралы Атқарушы орган құру 1995 ж. Қаржымині,  
Келісім туралы Келісім 1-тоқсан Өнеркәсіп.  
жобасын әзірлеу саудамині,  
Әділетмині,  
Экономмині,  
Сыртқыісмині

11. Ресей Федерациясы Құжаттарды іске асыру Қаржымині,  
мен Беларусь мен әзірлеу кезінде осы Өнеркәсіп.  
Республикасы қосымшаның 10-тармағына саудамині,  
арасындағы Кеден сәйкес негізіне алынсын Әділетмині,

одағы туралы Келісім Экономмині,  
Сыртқыісмині,  
Денсаулықмині

12. Сыртқы экономикалық Материалдарды 1995 ж. Экономмині,  
қызметті реттеудің бекітуге әзірлеу 1-тоқсан Өнеркәсіп.

бірыңғай тәртібі туралы саудамині,  
Қазақстан Республикасының Қаржымині,  
Үкіметі мен Ресей Ұлттық Банк,  
Федерациясының Үкіметі Денсаулықмині  
арасындағы Келісім

13. Ресей рублі мен қазақ Материалдарды 1995 ж. Ұлттық Банк,  
теңгесі бағамдарының бекітуге әзірлеу 1-тоқсан Қаржымині,  
өзара еркін айналымы Әділетмині,  
мен тұрақтануын Сыртқыісмині  
қамтамасыз ету жөніндегі

шаралар туралы  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі, Қазақстан  
Республикасының Ұлттық  
Банкі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі,  
Ресей Банкі арасындағы  
Келісім

14. Ядролық оқ-дәрілерді Ресей Федерациясының 1995 ж. Ғылыммині,  
кәдеге жарату кезіндегі аз байытылған уранды 1 наурыз Қорғанысмині,  
ынтымақтастық және өзара АҚШ-қа сатуынан Қаржымині,  
есеп айырысу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқыісмині,  
Ресей Федерациясының мен Ресей Экобиоресурс.

Үкіметі мен Қазақстан Федерациясының өзара мині,  
Республикасының Үкіметі есеп айырысу тәртібі Денсаулықмині  
арасындағы Келісім туралы Контракті  
әзірлеу

15. Әскери мемлекетаралық Басшылыққа алу және Ұдайы Қорғанысмині,  
тасымалдарды ұйымдастыру орындау үшін Ішкіісмині,  
және олар үшін есеп Көліккоммуни.

айырысу туралы Қазақстан қациямині  
Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының  
Үкіметі арасындағы Келісім



16. Арналы мұнай өнімдері Басшылыққа алу 1995 ж. Мұнайгаз.  
кұбырларын пайдалану үшін Материалдарды 1-тоқсан өнеркәсіпмині,  
кезінде өзара іс-қимыл бекітуге әзірлеу Қаржымині,  
туралы Қазақстан Меммүліккомы  
Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының  
Үкіметі арасындағы Келісім

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Келісімдердің қазақ тіліндегі мәтіні қоса берілмеген.**

**Ескерту. 1995 жылғы 20 қаңтардағы ҚР Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) өзгеріс енгізіліп, 8-бабы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 964 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК